# **Шетелде емдеу ТМККК** есебінен жүргізіледі



# МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕСЕБІНЕН ШЕТЕЛДЕ ҚАНДАЙ АУРУЛАРМЕН ЕМДЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

- мидың хирургиялық қол жетімсіз функционалдық маңызды аймақтарында орналасуына байланысты радиохирургиялық емдеу әдісін (гамма-пышақ) талап ететін артериовеноздық мальформациялар мен ісіктер
- эндоваскулярлық емдеуге арналған ми діңі, жұлын тамырларының артериовеноздық мальформациялары және артериялық аневризмдер
- трансоральді алып тастау үшін бас сүйегінің негізінің ісіктері
- радиохирургиялық емдеуді талап ететін көздің қатерлі ісіктері (гамма-пышақ, радиоактивті аппликаторлар)
- кератопротездеу (кератопротезді имплантациялауға негізделген белмді емдеудің хирургиялық әдісі)
- ересектер мен балалардың гемопоэздік дің жасушаларын аутологиялық және туыстық трансплантттауды қоспағанда, тіндерді (тіннің бөлігін) немесе ағзаларды (ағзалардың бөлігін) трансплантттауды талап ететін аурулар, бұл әдістеме Қазақстан Республикасында орындалмайтын нозологиялардан басқа жағдайда
- көмейдің және/немесе кеңірдектің стеноздары

## МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН ШЕТЕЛГЕ ЕМДЕЛУГЕ ЖІБЕРУДЕН МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА БАС ТАРТЫЛУЫ МҮМКІН:

- егер қажетті рәсімді/манипуляцияны Қазақстанда өтуге болатын жағдайда
- егер науқас ауыр жағдайда болса және медициналық араласу оң нәтиже бермесе
- егер науқас тасымалданбайтын жағдайда болса
- егер науқаста тиімді емдеу әдістері жоқ ауру болса



# МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕҢ ШЕТЕЛГЕ ЕМДЕЛУГЕ **КВОТАНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?**



республикалық денсаулық сақтау ұйымына жүгіну қажет, ол өз қорытындысын, сондай – ақ құжаттар пакетін – жеке куәліктің көшірмесін, пациенттің ауру тарихынан үзінді-көшірмені-әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының базасында жұмыс істейтін шетелде емдеуді ұйымдастыру жөніндегі комиссияның жұмыс органының қарауына ұсынады

**Пациент құжаттарының толық пакетін алғаннан кейін жұмыс органы емдеу бағдарламасын және шығыстарды калькуляциялауды алу үшін бейінді шетелдік клиникаларға сұрау салулар жібереді**







**ЖИНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАРДЫ ЖҰМЫС ОРГАНЫ 20 ЖҰМЫС КҮНІ ІШІНДЕ** ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Сараптама комиссиясының қарауына жібереді, ол қандай да бір клиниканы таңдау туралы шешім қабылдайды

# КВОТА НЕНІ ҚАМТИДЫ?



Квота барлық қажетті қызметтерді, сондай-ақ пациенттің және оның алып жүрушілерінің көлік шығыстарын жабады

Өз бастамасы бойынша елден тыс жерлерге емделуге кеткен азаматтарға жұмсалған қаражат өтелмейді !

**Бюджет қаражаты есебінен ақы төленбейді**

- клиникадан тыс жерде тұру
- тиісті донорлық органның күту кезеңі
- емдеу бағдарламасына жатпайтын қосымша медициналық қызметтер және т. б.

# ШЕТЕЛДЕ ЕМДЕЛУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТТЫ FMS.KZ

**FMS.KZ/USEFUL-TO-KNOW/KAK-LECHITSIA-ZA-RUBEZHOM/**

